

## Бюджеттік борыштар бойынша есептеме жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 26 қарашадағы N 1449

Қазақстан Республикасы Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің оған жобалау-іздестіру ұйымдарының орындаған жұмысы үшін пайда болған берешегін қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитетімен бірлесіп есептемеге алынатын, беріліп отырған тізбеке сәйкес жобалау-іздестіру ұйымдарының салық төлемдері бойынша республикалық бюджетке жалпы сомасы 10284 мың (он миллион екі жүз сексен төрт мың) теңге берешегін өтеуді жүргізсін;

атаған сома жобалау-іздестіру ұйымдарының орындаған жұмысына

берешектерін өтеу үшін республикалық бюджеттің есебінен ұсталатын Қазақстан Республикасы Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің операциялық шығыстарды қаржыландыру есебіне есептелсін.

2. Берешек есептемесі 1996 жылға арналған республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөлігінде көрсетіле отырып жүргізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 26 қарашадағы

N 1449 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің қаржыландыру есебіне есептеме қабылданатын республикалық бюджетке салық көлемдері бойынша

берешектері бар ұйымдардың

ТІЗБЕСІ

| берешек сомасы (мың теңге)

| Барлығы| оның ішінде

| | | КҚС | Занды

| | | | тұлғалардан

| | | | алынатын

| | | | табыс салығы

Мемлекеттік жер ресурстары және

жерге орналастыру мемлекеттік

ғылыми-өндірістік орталық

(мемжерГОО), Алматы қаласы 5067 3079 1988

Мемжер FТО Ақтөбе бөлімшесі 390 201 119

Мемжер FТО Алматы бөлімшесі 128 128 -

Мемжер FТО Қостанай бөлімшесі 80 80 -

Мемжер FТО-ның кешенді  
іздестіру бөлімі, Алматы қаласы 3428 2365 1063

Мемлекеттік ауыл шаруашылығы  
аэрофотогеодезиялық зерттеулер  
институты 1261 1261 -

Жиыны 10284 7114 3170